

Құрман орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында

ата-аналармен жүргізілген жұмыстар

қорытындысы

Құрман орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасындағы ата-ананың ықпалын арттыру, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бөірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында ата-аналармен жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде біршіма жұмыстар атқырылды. Тамыз айында әлеуметтік көмекті қажет ететін отасыларды анықтау мақсатында оқушылардың отбасылық жағдайына талдау жасалды. Жалпы Құрман орта мектебінде толық отбасылар саны -83, толық емес отбасылар саны -9, аз қамтылған отбасы-11, көп балалы- 37

11-15 қыркүйек аралығында Отбасы күніне арналған «Отан – отбасынан басталады» атты апталық ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Ата-аналарға, үлкендерге құрмет көрсету. Отбасының беделін көтеру, отбасының ұлттық құндылықтарын насихаттау, қалыптасқан ұлттық дәстүрдегі отбасының үлгісін насихаттау.



Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Г.Мединаева «Құбылмалы әлем жағдайындағы отбасы» (Қазіргі заманғы ананың портреті, Әкелер мен балалар) ата-аналармен пікіталас өткізді. Шараға әкелер мен аналар кеңесінің мүшелері де қатысты.



Жыл басында жалпы ата-аналар жиналысы жасалып, ата-аналар комитетінің төрайымы сайланып, жұмыс жоспары құрылып бекітілді. «Балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактлеріне ден қою алгоритмі» бойынша 21 қыркүйек күні «Бала тәрбиесі – басты назарда» атты жалпы ата-аналар жиналысында күн тәртібінде қаралған 3-ші мәселе бойынша учаскелік полиция инспекторы Д.Бисебаев «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, зорлық –зомбылыққа жол бермеу» тақырыбында баяндама оқыды, ата-аналар мен педагогтерге ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді.



Облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 21.09 №2/4221 және Ойыл ауданының білім бөлімінің 22 қыркүйек 2023 жылғы 936 хатына сәйкес мектеп директорының мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты ныяйтып, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында «Ата-аналар кезекшілігін ұйымдастыру туралы» № 51 бұйрығы бойынша ағымдағы жылдың 1 қазанынан оқу жылының аяғына дейін ата-аналардың кезекшілігі кестесі құрылып бекітілді. Ата-аналар кезекшілігі өз жұмысын жауапкершілікпен, уақытылы атқарды.



29 қыркүйек пен 02 қазан аралығында 1 қазан - Қарттар күніне орай «Қарттарым бар, қазыналы» атты іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. Қазанның 1-і халықаралық қарттар күні. Бас ассамблея 1990 жылы 14 желтоқсанда 1 қазанды халықаралық қарттар күні деп есептеуге қаулы етті. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету - ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Олардың өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестерінің, тәлім-тағылымдарының біз үшін орны бөлек.

Класс жетекшілер 2 қазан күні оқушылардың бойында үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында 10 сыныпта «Қарттарым- асыл қазынам», 6 сыныпта «Ата-әже ісі бізге өнеге», 9 сыныпта «Қарты бар ел- бақытты ел», 5 сыныпта «Қарттарым- асыл қазынам», 4 сыныпта «Ата-әже- қазақы тәрбиенің бастауы» атты сынып сағаттарын өткізді. Қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Осы мерекеге орай 2 сыныпта сынып жетекшісі Р.Ниязова «Қарттарым аман-сау жүрші» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: оқушыларымыздың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға жән аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Сонымен қатар «Қарттарға қамқорлық» қамқорлық акциясы ұйымдастырылды.

1 қазан қарттар күніне арналған «Қарттарым бар қазыналы» және 5 қазан ұстаздар мерекесіне орай «стаз жолы -кылық» атты іс-шаралар жоспары бойынша мектеп кітапханашысы К.Калиева мектеп оқушыларымен «Енбегі еленген жандар» атты кездесу кешін ұйымдастырды. Шараға ардагер ұстаз Хамитова Рысбике апай мен зейнеткер, еңбек ардагері, шебер Баймуханова

<https://www.instagram.com/p/CxyGSpwoV04/?igsh=MTBiZWk2bTc4Z3Mxag==>



Қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдынгы буын ата- әжелеріміздің, тел мерекесі. Осы мерекеге орай 2 сыныпта сынып жетекшісі Р. Ниязова «Қарттарым аман-сау жүрші» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәйябиелеу.

<https://www.instagram.com/p/Cx-KujUg0W3/?igsh=MTEzbnJ6Z2UyMHIqdA==>



Күзгі каникул кезінде мезгілсіз уақытта кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қадағалау, жат іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында түнгі кезекшілік ұйымдастырылды. Мектеп директорының 2023 жылғы 27 қазан № 75 «Түнгі кезекшілікті бекіту» туралы бұйрығы негізінде күзгі каникул кезінде мезгілсіз уақытта оқушылардың көшеде жүрмеуін қадағалау үшін түнгі кезекшілік кестесі бекітілді. 30 қазан мен 04 қараша аралығында ұйымдастырылған рейдке ата-аналар, ата-аналар кеңесі, қамқоршылық кеңес, «Парасат» аналар-әжелер, «Ұлағат» әкелер кеңесінің мүшелері ат салысты.

<https://www.instagram.com/p/CzaiW-aoccy/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>



7-24 наурыз көктемгі демалыс күндері көктемгі уақыттағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оқыс оқиғалардың алдын алу, оқушылардың кешкі уақыттағы қозғалысын, кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жерден тыс болуын болдырмау мақсатында кезекшілік құрылып, құрылған кестеге сәйкес мектеп әуімшілігі, класс жетекшілер, пән мұғалімдері, әкелер, аналар, қамқоршылық кеңес мүшелері рейд жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/CqMwiHMoR6y/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>



Облыстық білім басқармасының 18.10.2023 жылғы №2/4750 хаты негізінде көпшәтерлі үйлердің терезелерінен балалардың түсу фактлеріне жол бермеу және жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз терезе» ақпараттық науқаны ұйымдастырылды. Ата-аналар мен балалардың хабардар болу деңгейін арттыру, ата-аналарды балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тартуды жандандыру, белсенді ету мақсатында «Ашық терезе – балалар үшін қауіпті» тақырыбында ата-аналар жиналыстары өтті.

<https://www.instagram.com/p/CzA3MnxAGvg/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>



Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Ойыл АПБ ЖПКБ бастығы полиция майоры М. Бақдаулетов Құрман орта мектебінің білім алушыларының ата-аналармен кездесу өткізді. Шара барысында алаяқтық, ұрлық, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы айтылып, келеңсіз жағдайлардың, нашарлықтың, бопсалау, кибербуллингтің алдын алу туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/C6abaHWoA76/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>



«Ана мен қыз- ай мен жұлдыз» шебер класс. «Бойжеткен» қыздар клубы

<https://www.instagram.com/p/C0yukX7ou9t/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>



22 ақпан күні 1-1 сынып жетекшілері мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту, бала тәрбиесіндегі әкенің орнын ұғындыру, баламен жақсы қарым- қатынас орнату, әке өсиеті мен тәлім-тәрбиесінің маңызы ерекше екенін ұғындыру мақсатында «Әкелермен бір күн» шарасын ұйымдастырды. Арнайы «Менің әкем жақсы адам» атты стенд жасақталып, оқушылар әкелерді зор қошеметпен қарсы алды. Дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Идиятов әкелермен волейболдан жарыс өткізді.

<https://www.instagram.com/p/CpR3d3pg9cF/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>





«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» шебер сабақ. Мақсаты: Бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау.



Педагог-психолог Ш.Тайборина «Көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» тренингін өткізді.. Мақсаты: Күйзеліске қарсы тұруға дағдыландыру. Күйзелістен арылу жолдарына түсінік беру.



Оқушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша онкүндік шара жоспары бойынша 2 сынып жетекшісі Р. Ниязова «Балам үйде, қылығы түзде» атты ата-аналармен кездесу өткізді

<https://www.instagram.com/p/C5qOCDAoaGd/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>



«Бойжеткен» қыздар клубының мүшелері «Ана. Келін. Бойжеткен» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Жетекшісі : Қ.Зейноллаева.



Құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында ата-аналар және білім алушылармен шаралар тұрақты ұйымдастырылады:

Әлеуметтік педагог Э.Калдыгулованың ұйымдастыруымен «Буллинг пен кибербуллингтен баланы қалай қорғай аламыз?» тақырыбында жоғары сынып оқушыларының ата-аналарына бала қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында іс-шара өтті. Ата-аналарға құқықтық, алдын алу жұмыстары мен бала қауіпсіздігі туралы ақпараттар берілді.

<https://www.instagram.com/p/C00qTAYojqp/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>



Бастауыш сыныптар арасында «Өнерлі қыз, өнегелі ана» байқауы өтті. Мақсаты: 8 наурыз- аналар мен қыздар мерекесін атап өту. Отбасының берекесі , бүкіл адамзаттың өмір гүлі аналарды , нәзік жанды қыздарды сыйлауға үйрету. Аналарына деген балалық махаббатқа , ер балаларды қыз балаға деген қамқорлыққа, сыйластыққа тәрбиелеу. Шара барысында сайыскерлер марапатталып, оқушылар аналарын, қыз балаларды мерекемен құттықтады.

«Интернет алаяқтары» түсіндіру жұмыстары, ұстаздар және кіші қызметкерлермен жүргізілді.



9 сынып оқушыларының ата-аналарымен сынып жетекшісі А.Ананьева «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізді.

https://www.instagram.com/p/CzGYga3o_QT/?igsh=MTc4MmM1Yml2Ng==



6 сынып оқушыларының ата-аналарымен сынып жетекшісі Н.Бердембаева «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбындағы жиналысты жаңа форматта өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/Czbbhx5IsPK/?igsh=MTc4MmM1Yml2Ng==>

Мектепшілік есепке алуды жүргізу тәртібін түсіндіру бойынша ата-аналар және педагогтермен ақпараттық жұмыс жүргізілді.



Кәмелетке толмағандар арасындағы жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

Полиция өкілінің қатысуымен ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

Қазіргі уақытта әртүрлі мотоцикл жүргізушілерінің саны артты. Кәмелетке толмағандардың басқаруындағы мопедтер мен скутерлер жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарда пайда бола бастады. Осыған байланысты Құрман орта мектебінде кәмелетке толмағандар арасындағы жол-көлік оқиғаларының алдын алу, сонымен қатар каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары, алаяқтықтың алдын алу, оқушылардың түнгі беймезгіл көшеде, үй-жайдан тыс жерлерде жүрмеуін қадағалау, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Д.Бисебаев пен ДТЖО Б.Аманбаева ата-аналармен кездесіп, түсінік жұмыстарын



Кәмелетке толмағандар арасындағы жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

1 сыныпта сынып жетекшісі М.Қуанышева оқу жылының қорытындысы бойынша 1сынып оқушыларының ата-аналарымен «Балалардың қауіпсіздігі - үлкендердің міндеті» атты ата-аналар жиналысын өткізді. Шара барысында оқушылардың демалыс кезіндегі өмірі және жол қауіпсіздігі туралы жұмыстар жүргізілді.



2 сыныпта сынып жетекшісі Р. Ниязова оқу жылының қорытындысы бойынша 2сынып оқушылары және олардың ата-аналарымен «Балалардың қауіпсіздігі - басты назарда» атты жиналыс өткізді. Шара барысында қауіпсіздік шаралары, оқушылардың демалыс кезіндегі өмірі және жол қауіпсіздігі туралы жұмыстар жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/C7dtLW8Ikkm/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>

5 сыныпта сынып жетекшісі С. Қабиева оқу жылының қорытындысы бойынша 5 сынып оқушылары және олардың ата-аналарымен жиналыс өткізді. Шара барысында оқушылар мен ата-аналарға демалыс кезіндегі өмірі, қауіпсіздік шаралары және жол қауіпсіздігі туралы жұмыстар жүргізді. Кәмелетке толмағандар арасындағы жол-көлік оқиғаларының алдын алу, соның ішінде кәмелетке толмағандардың басқаруындағы мопедтер мен скутерлер, жол қозғалысы ережелерін сақтау мәселелері қаралды, түсінік жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/C7dsyYrom2G/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>



2 сыныпта сынып жетекшісі Р. Ниязова оқу жылының қорытындысы бойынша 2сынып оқушылары және олардың ата-аналарымен «Балалардың қауіпсіздігі - басты назарда» атты жиналыс өткізді. Шара барысында қауіпсіздік шаралары, оқушылардың демалыс кезіндегі өмірі және жол қауіпсіздігі туралы жұмыстар жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/C7dtLW8Ikkm/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==>



3 сыныпта сынып жетекшісі Р. Базарова оқу жылының қорытындысы бойынша 3 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Баланың бас ұстазы - ата-ана» атты ата-аналар жиналысын өткізді. Шара барысында оқушылардың демалыс кезіндегі өмірі және жол қауіпсіздігі туралы жұмыстар жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/C7dYQQco5ow/?igsh=MTc4MmM1Yml2Ng==>



4 сыныпта сынып жетекшісі Ә.Мысағалиева оқу жылының қорытындысы бойынша 4 сынып оқушылары және олардың ата-аналарымен жиналыс өткізді. Шара барысында оқушылар мен ата-аналарға демалыс кезіндегі өмірі, қауіпсіздік шаралары және жол қауіпсіздігі туралы жұмыстар жүргізді. Кәмелетке толмағандар арасындағы жол-көлік оқиғаларының алдын алу, соның ішінде кәмелетке толмағандардың басқаруындағы мопедтер мен скутерлер, жол қозғалысы ережелерін сақтау мәселелері қаралды, түсінік жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/C7d22aA11T5/?igsh=MTc4MmM1Yml2Ng==>



2023-2024 оқу жылынан бастап Құрман орта мектебінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысын бастады. Орталық ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді. Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, сұраныстарын, мінез-құлқын, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда. Позитивті ата-ана – бұл мейірімді қарым-қатынасқа, қолдауға, баланың жеке басының күшті жақтарына, балалар мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығын назарда ұстайтын тұлға. Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Орталықта ата-аналар интерактивті режимде балаларымен нақты позитивті қарым-қатынас жасауды, олардың психологиялық, эмоционалдық жағдайын түсінуді үйренеді, бұл балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы сияқты күрделі мәселенің туындамауына көмектеседі.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалар әл-ауқатының теориялық негіздеріне сүйенеді, олардың жас ерекшеліктерін ескереді.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

2023 жылдың 02 қарашасы мен 01 желтоқсан аралығында 30.11. 2023 күні Құрман орта мектебінде ата-аналарды қолдау орталықтары ашылды.



«Ата-аналарды педагогикалық қолдау»жоспары бойынша сабақтар тұрақты уақытылы өтті.

Тақырыбы: Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер.

Сенім арту -жетістік кепілі
1-4 сыныптар
Өткізген: Базарова Р

Күнделікті ата-аналар!
 Сіздерді ата-аналарды таныстырамыз және олардың ақпараттық ресурстары бойынша «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» атты жиналғысын ұсынамыз.

Күн: 12.04.2024
 Сағат: 15.00

Егер баланыңдық тәрбиесіне өзбесуіңіз болсаңыз қолданыңыз мына арнайы ақпараттық ресурстарды.

Өткізген: Ниязова Р.К.

5-9 класс оқушыларының ата-аналарымен жиналыс
Тақырыбы: Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары
Жасөспірім мінезін ерекшеліктері.
Өткізген: Ананьева А. Шоқпарова А.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы

Тақырыбы: «Күйзелістен шығар жол»
Өткізген: Жасұлапова Жангүл

Жалпы ата-аналармен жоспарланған барлық іс-шаралар уақытылы жүргізіліп, жоспар нәтижелі жүзеге асырылды. Ата-аналар мектептегі барлық іс-шараларға, ашық есік күндеріне, жиналыстарға белсенді қатынасты. Барлық өтілген іс-шаралар уақытылы мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланып, дәлеледеме құжаттары (жоспар, фото, сурет) жинақталды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Б.Аманбаева